



**«Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси
жағдайды зерттеу»
2016 жылдың 4 тоқсаны**

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша сараптамалық есеп

Астана, 2016

Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу, 2016 жылдың 4 тоқсаны / Изучение общественно-политической ситуации в молодежной среде, 4 квартал 2016 год / Аюпова Р.Р., Аубакирова Ш.К., Казтаева С.С., Киалбекова А.Г. – Астана: «Молодежь» ФЗО, 2016. – 179 с.

Бұл баяндама Қазақстан Республикасы жастары арасындағы қоғамдық-саяси жағдайға қатысты эмпирикалық әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелерінен тұрады. Зерттеу «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығымен жүргізілген. Баяндамада әлеуметтік өзін-өзі сезіну, азаматтық белсенділік пен жастар арасындағы діндарлықтың сұрақтары қарастырылған.

Данный доклад содержит результаты эмпирического социологического исследования общественно-политической ситуации в среде молодежи Республики Казахстан. Исследование было проведено Научно-исследовательским центром «Молодежь». В докладе рассмотрены вопросы социального самочувствия, гражданской активности, религиозности молодого населения страны.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы
010000, Қазақстан Республикасы
Астана қ., Б. Момышұлы даңғылы, 19а
Тел.: +7 /7172/ 79 25 45

Мазмұны

1. Зерттеу бағдарламасы	4
Әдіснамалық бөлім	4
1.1 Мәселелік жағдайды сипаттау	4
1.2 Зерттеу мақсаттары мен міндеттері	5
1.3 Зерттеу объектісі мен пәні	5
1.4 Негізгі ұғымдарды түсіндіру	6
1.5 Зерттеу болжамы	6
2. Жастардың әлеуметтік-экономикалық көңіл-күйлері	12
2.1 Мемлекеттің саяси өміріне деген қатынас	12
2.2 Патриотизм деңгейі	14
2.3 Өмір сүру деңгейіне қанағаттану	17
2.4 Жастардың өзекті мәселелерінің рейтингісі	21
2.5 Жастар арасында әлеуметтік шиеленістің деңгейі мен себептері	23
2.6 Жемқорлық деңгейін бағалау	27
Бөлім бойынша қорытынды	34
3. Жастардың білімі мен жұмыспен қамтылуы	36
3.1 Жұмыс пен еңбекке деген қатынас	36
3.2 Білім беру реформаларын қолдау деңгейі	37
3.3 Білім беру сапасына қанағаттану	38
Бөлім бойынша қорытынды	41
4. Мемлекеттік жастар саясатын бағалау	42
4.1 Мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттану	42
4.2 Жастар арасындағы қоғамдық-саяси белсенділіктің деңгейі	43
Бөлім бойынша қорытынды	48
5. Жастар ортасындағы діни жағдайды бағалау	50
Бөлім бойынша қорытынды	56
Қорытынды	57
Ұсыныстар	58
Қосымша	69

1. ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ӘДІСНАМАЛЫҚ БӨЛІМ

1.1 Мәселелік жағдайды сипаттау

Қазіргі әлемде қоғамдардың стратегиялық артықшылығы болып табылатын адам капиталының маңыздылығы өсуде, ал оның инновациялық әлеуеті, стратегиялық ресурсы жастар болып табылады.

Қазақстандық жастар алдыңғы ұрпақтардан ерекшелінетін жаңа бағдарлар мен құндылықтарды ұстанушы жаңа мәдени типті білдіреді. Жастар білімге, оның сапасына үлкен көңіл бөледі, ол негізгі құндылықтардың бірі болып табылады. Сол себептен жастар білім беру шеңберіндегі барлық реформаларды қолдап отыр.

Жастар ортасындағы келесі тренд – біліктілік, бәсекеге қабілеттілік. Жастар жетістікке қол жеткізу үшін еңбектеніп, күш салу керектігін ұғынады. Алайда, жасөспірімдік максимализм мен жылдам нәтижелерге қол жеткізу құштарлығы жастарда келешек жұмысқа деген тым жоғары және іске асырылмайтын талаптардың қалыптасуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Сонымен қатар, жастардың құндылығы ретінде айқын өмірлік стратегия, қалыптасқан дүниетанымдық бағдарларды қарастыруға болады. Осы орайда қазақстандық жастарда нақты азаматтық ұстаным, патриотизмдік сезім қалыптасқандығын атап өту керек. Олар қазіргі қоғамның кемшіліктерін ұғына отырып, өздерінің ертеңгі күндеріне деген сенімдерін жоғалтпаған. Негізінде жастарға наразылық әлеует тән қасиет емес.

Өкінішке орай, қазіргі қазақстандықтардың өмірлік ұстанымы белсенсіздікпен, өмірден ләззат алуға бағдарланумен ерекшелінеді. Мүмкін, бұл ақырғы онжылдық ішінде әлемдік экономикалық дағдарыстар мен тұрақсыздықтардың қоғамға деген ықпалының нәтижесі де шығар.

Жастар үшін сонымен қатар рухани құндылықтар мен дін аса маңызды болып келеді, олар солар арқылы өз менталды қажеттіліктерін іске асырғысы келеді. Алайда, респонденттердің басым бөлігінде діндарлық үстіртін, көріністі сипатты болып келеді.

Жастар – бұл ел болашағын анықтайтын ұрпақ. Мұндай ерекше мәртебе қазіргі мәселелерді шеше алатын, жастардың шығармашылық әлеуетін жасампаздық арнаға бағыттай алатын орынды жастар саясатын қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу үрдісінің философиясы осы зерттеуде зерттелетін қазіргі жағдайларды ескеруі қажет.

Мәселен, жастарды қоғамдық өмірге араластыру, оның бойында бұған деген саналы қажеттілікті қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Жастардың құндылықтарын мансаптық-тұтынушылық бағдардан шығармашылық-жасампаздық қатынасқа өзгерте алатын әдістерді жасап шығарудың қажеттілігі қалыптасып отыр.

Қазақстандық жастар саясатында әлсіз көрсетілген бағыттардың бірі қиын өмірлік жағдайда қалған жастарды толыққанды өмірге тарту болып

табылады. Ол өз кезегінде жастар арасындағы суицид санын қысқаруға септігін тигізер еді.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін жастар ортасындағы жағдай, олардың қажеттіліктері мен үміттері, елдегі қоғамдық-саяси үрдістерге деген қатынасы туралы өзекті ақпаратқа иелену маңызды. Осының негізінде қазақстандық жастардың қазіргі жағдайын тексеру және анықтау мақсатында әлеуметтанулық және сараптамалық зерттеулерді жүйелі түрде жүргізіп отыру керек.

1.2 Зерттеу мақсаты мен міндеттері

Аталмыш зерттеудің мақсаты Қазақстан жастарының әлеуметтік өзін-өзі сезінуін зерттеу, оның негізгі қажеттіліктерін анықтау және әлеуметтік практикаларын талдау болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерді шешу қажет:

- Жастар ортасындағы негізгі қажеттіліктерді ашып көрсету;
- Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды бағалау;
- Өзекті әлеуметтік мәселелердің рейтингісін анықтап шығару;
- Жастардың өз өмір деңгейіне, материалды жағдайына қанағаттану деңгейін анықтау;
- Жастардың наразылық көңіл-күйінің деңгейін анықтау;
- Жастар ісі бойынша Кеңестердің, Жастар ресурстық орталықтарының, Жастар саясаты департаментінің және басқа да жастар ұйымдары қызметінің тиімділігін бағалау;
- Жастар ортасындағы діни жағдайдың деңгейін бағалау;
- Жастар ортасындағы миграциялық көңіл-күйді анықтау;
- мәдени-демалыс шараларымен қанағаттану деңгейін анықтау;
- Аймақтардағы жастар ортасында болып жатқан жағдайларды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тұрақтандыруды қамтамасыз ету бойынша мүдделі мемлекеттік органдарға ұсыныстар жасау.

1.3 Зерттеу объектісі мен пәні

Зерттеу объектісі әлеуметтік-демографиялық және территориалды сипаттамаларын көрсететін параметрлер бойынша таңдалған Қазақстан Республикасының 14-29 жас аралығындағы (жастар) халқы болып табылады.

Зерттеу пәні – жас қазақстандықтардың әлеуметтік өзін-өзі сезіну, көңіл-күйлері мен қажеттіліктері туралы көзқарастарын зерттеу.

1.4 Негізгі ұғымдардың түсіндірмесі

Жастар – қоғамдағы өзінің жастық шеңберлері және статусымен ерекшелінетін ерекше әлеуметтік-жастық топ болып табылады: балалық пен жасөспірімдіктен әлеуметтік жауапкершілікке өту. Кейбір ғалымдар жастарды жас адамдардың біртұтастығы деп түсініп, қоғамның олардың әлеуметтік қалыптасу әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беріп, жеңілдіктер жасап, сонымен қатар әлеуметтің белгілі бір салаларында белсенді қатысу мүмкіндігінде шектей алады деп ойлайды.

Қажеттілік – бір нәрсенің жетіспеушілігін психологиялық немесе функционалдық тұрғыдан сезінудің ішкі қалпы, жағдайға байланысты көрініс табады.

Адамның әлеуметтік өзін-өзі сезінуі қоғамдағы әлеуметтік игіліктер, олардың қалыптасуы мен таратылу жүйесінен пайда болатын әлеуметтік қажеттіліктердің қанағаттану деңгейімен анықталады. Ол сонымен қатар қандай да бір адам үшін осы әлеуметтік жағдайлардың қолайлы болу дәрежесі, яғни оның өзіндік тәжірибесінен қалыптасатын қоршаған орта туралы субъективті көзқарасы болып табылады.

Жастардың әлеуметтік тәжірибелері жастардың күнделікті өмірдегі қоғамдық маңызы бар сұрақтарға қатысты шешім қабылдау үрдісіне қатысу, қабылданған шешімдердің нәтижелері үшін жауапты болу ниеттері мен құқықтарын, сонымен қатар әлеуметтік ортаға демократиялық әдістермен әсер ету құқығын іске асыруға бағытталған әдетті әрекеттердің жиынтығы болып табылады.

Құндылықтық бағдарлар – адамның санасымен стратегиялық маңызды мақсат түрінде қабылданатын құндылықтар мен жалпы дүниетанымдық бағдарлардың көрініс табуы.

1.5 Зерттеу болжамы

Жастар Қазақстанның азаматы болғаны үшін мақтан тұтады және олардағы патриотизм деңгейі жоғары, сонымен қатар жастардың көбісі өз келешектеріне деген оптимистік сеніммен қарайды.

Қазіргі таңда жастар ортасындағы наразылық көңіл-күй – орташа. Республикалық көрсеткішпен салыстырғанда, облыстарда наразылық акцияларының пайда болу ықтималдылығы жоғары. Жастардың наразылық көңіл-күйіне материалды мәселелер түрткі болып отыр.

Жастар өмірлік жетістік пен мансаптық өсімге үлкен көңіл бөледі. Сұралғандардың көбісі оған қол жеткізу үшін күш-жігерінді салып еңбек ету керек деп ойлайды, дегенмен, жастардың арасында таныстық, ата-аналары мен туыстарының көмегіне сенетіндер де бар.

Жалпы алғанда, жастар мемлекеттік жастар саясатына көңіл толады, және де оны тиімді деп есептейді.

Жастар арасында мемлекеттік жастар бағдарламалары мен жобалары туралы ақпараттану деңгейі өсіп келеді.

Жастар арасындағы жаңа тренд салауатты өмір салты, темекі басқа да залалды әдеттерсіз өмір сүру болып табылады. Жастар спортпен айналысуға қызығушылық танытады.

ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМ

Іріктемелі жиынтықтың көлемі

Іріктемелі жиынтықтың көлемі 2 000 респондентті құрайды. Әлеуметтанулық зерттеуді жүргізудің территориясы – Қазақстан Республикасының барлық аймақтары мен республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалалары, 14 облыстық орталық, сонымен қатар ауылды мекендер. Зерттеуде стратификацияланған көпсатылы іріктеме қолданылған. Алдымен, халықтың жалпы санынан, облыстар мен республикалық деңгейдегі қалалар бойынша іріктемелік жиынтық еліміздің 14 аймағына бөлінген. Кейін әрбір облыс бойынша қала және ауыл іріктемесінің көлемдері анықталды.

Кесте 1. Жоба бойынша іріктемелі жиынтық, адам

	Жалпы адамдар саны			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жыныстық топ	Еркектер	Әйелдер	Екі жыныстық топ	Еркектер	Әйелдер	Екі жыныстық топ	Еркектер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1004	996	1136	567	569	863	441	422
Ақмола облысы	78	40	38	36	19	17	42	22	20
Ақтөбе облысы	101	50	51	63	31	32	38	19	19
Алматы облысы	215	110	105	50	26	24	165	84	81
Атырау облысы	68	34	34	31	16	15	37	19	18
Батыс Қазақстан облысы	72	37	35	35	18	17	37	19	18
Жамбыл облысы	121	61	60	48	25	23	73	38	35
Қарағанды облысы	150	76	74	118	60	58	32	16	16
Қостанай облысы	96	48	48	50	25	25	46	23	23
Қызылорда облысы	89	46	43	37	19	18	52	27	25
Маңғыстау облысы	73	37	36	34	17	17	39	20	19
Оңтүстік Қазақстан облысы	341	173	168	149	76	73	194	98	94
Павлодар облысы	79	40	39	55	28	27	24	12	12
Солтүстік Қазақстан облысы	56	29	27	25	13	12	31	16	15
Шығыс Қазақстан облысы	146	75	71	91	46	44	55	28	17
Астана қ.	104	50	54	104	50	54	-	-	-
Алматы қ.	211	98	113	211	98	113	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша

Бұл зерттеуде бақылаудың бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңнен өтті: іріктеудің ықтималды дизайны пайдаланылады. Іріктеудің ықтималды дизайны кез-келген адамның (14-29 жас аралығында) жиынтық шеңберінде талдау үшін таңдалудың барлық теңдей мүмкіндіктеріне иеленеді.

Стратификацияланған көпсатылы іріктеу пайдаланылады. Мысалға, негізгі қабаттар ретінде келесілерді қарастыруға болады:

1 саты. Облыс бойынша іріктеу – облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың жасы 14-тен асқан халқының санына қарай елдің 16 аймақтары, Астана және Алматы қалалары, 14 облыс орталықтары бойынша іріктеу көлемдері анықталған.

2 саты. Қала-ауыл қағидасы бойынша іріктеу – әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеудің көлемдері есептеліп шығарылған.

3 саты. Бастапқы нүктені іріктеу – әрбір елді мекеннің шеңберінде бағыттың бастапқы нүктелері мен респонденттер саны кездейсоқ анықталады.

Бастапқы нүктелерді іріктеу

Қаладан бірнеше бастапқы нүктелер таңдалады. Бастапқы нүкте – нақты мекен-жай – көше мен үйдің номері (мысалға, Республика даңғылы, 15 үй. 5 пәтер). Сол жерден бастап үй шаруашылықтарын іріктеу үрдісі басталады. Бастапқы нүкте Бағыт парағында тіркеліп, оған номер тағайындалады. Бастапқы нүктелердің саны учаскілердің санымен бірдей болуы тиіс. Таңдалған учаскілер қаланың түрлі жерлерінде болуы тиіс (мысалы, бір учаскі орталықта, екіншісі базар айналасында, үшіншісі вокзал ауданында). Әрбір бастапқы нүктеден бастап интервьюер ережеге сай бағытпен жүріп отырады. Зерттеуде пайдаланылатын Бағыт парақшаларының саны Бастапқы нүктелердің санына тең болуы тиіс.

4 саты. Үй шаруашылығын іріктеу – ережеге сай бағыт бойынша бастапқы нүктеден бастап сол жағындағы үй шаруашылықтары іріктеледі.

Бағытты анықтау

1. Қаладағы немесе ауылдағы Бастапқы нүктенің мекен-жайы анықталады.

2. осы сауалнамаға қатысатын үй шаруашылықтарының іріктемесі құрылады. Әрбір нүктеге сауалнамалардың белгілі бір саны беріледі, мысалға, бір учаскіге 10 сауалнама. Бір учаскіден іріктелген үй шаруашылықтарының саны осы учаскіде таратылуы тиіс сауалнамалардың санына байланысты болып келеді. Бір учаскідегі үй шаруашылықтарының саны сол учаскіге арнайы бөлінген нәтижелі сұхбаттардың санынан 40 пайызға көбірек болу керек. Мысалға, бір учаскіде 10 сауалнама, ал оларды толтыру үшін 14 мекен-жайды пайдалануға болады.

Қадам түрін анықтаймыз: қалалық елді мекендер үшін қадам төртке тең болады (яғни, әрбір төртінші пәтерге кіру керек), ауылды елді мекендер үшін (яғни, әрбір екінші үйге кіру керек).

Қалалық елді мекендер үшін үй шаруашылықтарын таңдау ережесі осындай болмақ. Бастапқы нүктеден бастап интервьюер подъезд пәтерлерін 4 қадаммен аралап шығып, әрбір таңдалған пәтерді Бағыт парақшасына

жазып алады.

Егер сауалнама ауылды жерде жүретін болса, онда үй шаруашылықтарын іріктеу ережесі сақталынады. Бірақ бұл жағдайда пәтерлер емес, ал жер үйлер сұралады. Үй шаруашылығын бағыт парақшасына тіркегеннен кейін біз 1 үй шаруашылығын тастап кетіп отырамыз.

«Сол қол» ережесі. «СОЛ ҚОЛ» ережесі бойынша бағытпен жүре отырып, интервьюер төртбұрыштап жүріп, көшелерді қимай, жолдарды өтпейді.

5 саты. Квота бойынша респонденттерді іріктеу – әрбір үйден респонденттер жыныстық және жастық квота бойынша іріктеледі, респонденттің жасы 14-тен төмен және 29-дан жоғары болмауы тиіс, сонымен қатар жыныс ерекшеліктері репрезентативті болу керек (сұралатын еркек пен әйелдер саны ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сай облыстар, қала және ауылды мекендер бойынша есептеліп шығарылады).

Іріктеме репрезентативті болып табылады, яғни респонденттердің құрамы алынған параметрлер бойынша жалпы жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақындайды (Статистика комитетінің 2015 жылғы мәліметтері бойынша). Бұл жағдайда іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамалары жалпы жиынтықтың орташа сипаттамаларынан $\pm 3,5\%$ ғана ауытқуы тиіс.

Ақпаратты жинау әдісі

Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін ақпаратты жинаудың сандық әдісі, яғни респонденттен интервью алу арқылы сауалнаманы қолдана отырып, жаппай сұрау жүргізу қолданылды.

Ақпаратты жинау әдісі ретінде «face to face» әдісін қолдана отырып, жастарға жаппай сауалнама жүргізу болып табылады. Бұл әдіс Қазақстан жастарының арасындағы жағдай туралы неғұрлым объективті ақпарат алуға, сонымен қатар жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік практикаларын анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген жаппай сауалнама нәтижелерінің негізінде белгілі бір нақтылық дәрежесімен бұқаралық әрекет туралы болжам жасалады.

Жаппай сауалнама шеңберінде ақпарат жинау респонденттердің мекен-жайы (пәтерлік сұрақ) немесе оқу/жұмыс орны (жедел іздеу мен мақсаттылы топқа неғұрлым жақын болу үшін) бойынша жүргізіледі. Жаппай сауалнаманың артықшылығы ұзақ интервью жүргізуге және интервьюерлердің жұмысын бақылаудың жеңілдігіне негізделеді. Пәтерлік сұрау әдістің қиыншылықтарына респонденттердің сенімсіздігі мен байланысқа түсуден қашуы жатқызылады. Бұл қиыншылықтардың интервьюерлердің жоғары дәрежедегі біліктілігінен еңсерілетінін атап өтейік. Аталмыш қағида бойынша құралған сауалнама бірнеше кезеңнен тұрады. Интервьюер жоба супервайзерлерінің инструкцияларына сай жүреді. Бұл

жағдайда олардың қолындағы бағыт парақшаларына сауалнаманың мерзімі, уақыты, мекен-жайы, интервью саны, сәтті немесе сәтсіз кездесулер, респонденттердің байланыс телефондары жазылуы тиіс.

Әдіс-тәсілдер құрылымы

Мәліметтерді жинау техникасы логикалық құрылымданған сауалнама – бірінші реттегі ақпаратты жинайтын құрал, өзара белгілі бір ереже бойынша байланысқан сұрақтардан тұратын тираждалған құжат болып табылады. Әлеуметтанулық сауалнаманың қасиеттері мен сапасы, оның көлемі, құрылымы, сұрақтардың құрылу ерекшелігі өзара тығыз байланысты және сауалнама түрімен, зерттеу объектісінің ерекшеліктерімен анықталады.

Әлеуметтанулық сауалнаманың құрылымы үш блоктан тұрады: респондент үшін зерттеу туралы ақпарат беретін, қолдану ережесін түсіндіретін кіріспе; 2) зерттеу мәселесі бойынша сұрақтардан құралатын негізгі. Бұл блок зерттеу мәселесіне қатысты түрлі аспектілерге арналған бірнеше бөлімдерден тұрады; 3) респонденттің жынысы, жасы, білімі мен табысы туралы ақпарат беретін әлеуметтік-демографиялық.

Сұрақтарды құрастыру – сауалнама жасаудағы ең күрделі кезең. Сауалнама сұрақтары респонденттерге түсінікті, грамматикалық және лексикалық мағынада қарапайым, олардың жалпы даму деңгейін, мәдениет деңгейін және зерттеу пәніне қатысты сала туралы ақпараттану деңгейін ескеру қажет. Сұрақтар әлеуметтанушының ұстанымын мәжбүрлеп, әлеуметтанушы білгісі келетін пікірлер мен құбылыстарды қалыптастыру мақсатында құралмау керек. Интервью секілді сұрақтар да ашық және жабық күйінде кездесуі мүмкін. Сол себептен бастапқыдан ақ қандай сұрақ түріне басымдық беретінін анықтап алу жөн.

Сауалнаманы құрастыру оны тексеруді, апробациялауды және нақтылауды ұйғарады. Сауалнама сапасын тексеру үшін пилотажды зерттеу жүргізіледі. Оның барысында сауалнаманың мазмұны, сұрақтардың дұрыс құрастырылуы мен бірізділігі тексеріледі. Пилотажды тәжірибелі әлеуметтанушы микро іріктеме негізінде (10 адам) интервью түрінде, респонденттің жауаптарын тіркей отырып, оның сұрақтардың мазмұнына деген жауапты әрекетін, түсінуі мен қабылдауын, сонымен қатар соған кететін уақытты тексеру арқылы жүргізеді. Осының барлығы әдіс-тәсілдердің кемшіліктерін аңғарып, оны түзетуге мүмкіндік береді. Сауалнама тілі: респонденттің таңдауы бойынша қазақ және орыс тілдері.

Зерттеудің далалық кезеңіндегі ақпаратты жинау арнайы даярланған интервьюерлермен жүргізіледі. Интервьюерлер әрбір респондентпен әңгімелесе отырып сауалнаманы толтырады. Интервьюер респондентке сұрақ қоя отырып, сауалнаманы өзі толтырады. Жаппай сауалнаманы 16 аймақтық супервайзерлердің бақылауымен 90 астам интервьюер жүргізген болатын.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Далалық зерттеу нәтижелері бойынша «Жастар» ҒЗО қызметкерлері интервьюерлердің жұмысын бақылап (сауалнаманы толтырудың тәртібін

тексеру және 30 пайызын телефон бойынша тексеру), мәліметтердің кодталуын, енгізілуі мен өңделуін қадағалады. «Жастар» ҒЗО зерттеуді бақылау үшін Тапсырыс берушінің талабы бойынша зерттеудің далалық кезеңінің барлық құжаттарын сақтап, ұсына алады (сауалнамалар, бағдар көрсетуші қағаздар, линейкалар, корреляциялар).

Бірінші реттегі ақпаратты енгізу, өңдеу сонымен қатар бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензиясы бар, орыс тіліне аударылған 21 нұсқасындағы SPSS компьютерлік бағдарлама арқылы орындалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Бірінші реттегі әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) Мәліметтерді бірөлшемді, екіөлшемді талдау;
- 2) Корреляциялық талдау;
- 3) Кластерлік талдау.


2. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨҢІЛ-КҮЙЛЕРІ

2.1 Мемлекеттің саяси өміріне деген қатынасы

Саяси мәдениет параметрлерінің бірі саяси оқиғаларға қызығушылық таныту және олар жайлы хабардарлық болып табылады. Әдеттегідей, жастардың саясатқа деген зейіні саяси өмірдің қанықтылығына қарай өзінің жағдайылық деңгейінде қалып отыр.


Мысалға, жастардың шамамен төрттен бір бөлігі саясатқа тұрақты қызығушылық білдіріп отырады (2 тоқ. – 26,4%, 4 тоқ. – 25,7%, диаграмма 1). 3-ші тоқсанда бұл пайыз шамамен төмен болып келеді – 18,9%.

Диаграмма 1. «Сіз еліміздің саяси өміріне қызығушылық танытасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Респонденттердің 76,1% елдегі саяси жағдайды жеткілікті жайлы деп бағалады (жайлы – 29%, шамамен жайлы – 47,1%, диаграмма 2).

Диаграмма 2. «Сіз еліміздегі қазіргі саяси жағдайды қалай бағалар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жастардың әдетте тығыз байланыста болып келетін әлеуметтік институттары ішінде отбасы (78%, кесте 2), мектеп, колледждер (61,4%), университеттер, институттар (58,5%) үлкен сенімге иеленеді. Олардың қатарына сонымен бірге халыққа қызмет көрсету орталықтары жатқызылады (63%).

Ал әскерге (46,6%), ауруханалар, медициналық орталықтар (47,3%), құқық қорғау органдары (48,1%), банкілік жүйе (48,1%), соттарға (48,2%) деген сенім деңгейі жоғары емес.

Кесте 2. «Келесі әлеуметтік институттарға қатысты өз сеніміңізді бағалаңыз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	Сенбеймін				Толығымен сенемін	Жауап беруге қиналамын
	7,4	6,2	26,2	31,9		
Мемлекеттік органдар	7,4	6,2	26,2	31,9	24,0	4,5
Мектеп, колледждер	4,0	9,9	23,2	36,1	25,3	1,7
Университеттер, институттар	3,1	4,4	22,6	32,5	23,3	14,2
Ауруханалар, емханалар, медициналық орталықтар	7,8	10,9	32,1	27,9	19,4	2,1
Әкімдіктер	7,7	9,6	27,3	31,1	19,6	4,9
Халыққа қызмет көрсету орталығы	3,8	6,5	22,6	35,3	27,7	4,2
Әскер	8,0	9,9	23,1	26,0	20,6	12,5
Банкілік жүйе	8,1	11,8	23,6	26,5	21,6	8,7
Құқық қорғау органдары	11,4	12,1	23,2	27,8	20,3	5,4
Қоғамдық тамақтандыру орындары	7,0	8,7	28,3	31,3	19,8	5,0
Қоғамдық көлік	5,2	12,0	24,9	32,4	21,7	4,0
Соттар	6,2	7,5	22,0	28,2	20,0	16,1
Отбасы	1,5	5,1	13,2	12,7	65,3	2,4

Респонденттердің негізгі бөлігі саяси партиялардың ішінде «Нұр Отан» партиясы жастардың мәселелеріне асағұрлым көңіл бөліп, қызығушылық танытады деген пікірлерін білдірді (73,5%, кесте 3. Келесі болып «Ақ жол» демократиялық партиясы (8,7%) және «Бірлік» партиясы (8,7%) орналасқан. Бұл сұраққа қатысты респонденттердің бестен бір бөлігі жауап беруге қиналды (22,7%).

Кесте 3. «Саяси партиялардың қайсылары жастардың мәселелеріне көңіл аударып келеді?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)


	%
«Нұр Отан» партиясы (Н. Назарбаев)	73,5
«Ақ жол» демократиялық партиясы (А.Перуашев)	8,7
«Бірлік» партиясы (С.Сұлтанғали)	3,9
Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (Ж.Тұяқбай)	2,2
«Ауыл» Халықтық-демократиялық партиясы (А.Бектаев)	2,9
Қазақстанның коммунистік халық партиясы (В.Косарев)	1,6
«Алға, ДВК!» қоғамдық қозғалысы (В.Козлов, М.Жанұзақов)	1,2
Бір де бір партия жастардың мәселелеріне көңіл аудармайды	0,3
Жауап беруге қиналамын	22,7

2.2 Патриотизм деңгейі

«Өзіңді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?» сұрағының жауаптары респонденттердің көрсетіп отырған ұстанымдарын аңғаруға мүмкіндік береді (диаграмма 3). Респонденттердің 87,7% өздерін патриот деп есептейді (54,2% – иә, 33,5% – дәлірегі иә).

Бұл пайыздың өз кезегінде үшінші тоқсандағы көрсеткіштен төмен болып келетінін атап өту керек (97,6%). Қоғамның патриотизм деңгейіне ықпал ететін факторларда (мемлекеттік құрылым, азаматтық қоғамның жағдайы, мемлекеттің геосаяси қалпы, аймақтың шарттары) айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Сәйкесінше, еліміздің саяси өміріндегі тыныштықтың орнауы патриоттық сезімдердің барынша көрініс табуына мүмкіндік бермейді.

Диаграмма 3. «Өзіңді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Патриоттық ұстанымдылықтың деңгейі жыныстық белгіге ешқандай байланысы жоқ екенін көрсетті (кесте 4). Әйелдердің арасында өзін патриот деп есептемейтіндердің қатары тек 1,4%, ал жауап беруге қиналғандардың саны 1,6% көбірек болып келетіні анықталды (6,5%).

Кесте 4. «Өзіңді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жыныстық белгі бойынша, %)

	Ерлер	Әйелдер
Иә, есептеймін	54,1	54,3
Дәлірегі иә	35,0	31,9
Дәлірегі жоқ	3,7	4,8
Жоқ, есептемеймін	2,3	2,6
Жауап беруге қиналамын	4,9	6,5

Жастық ерекшелік бойынша айқын айырықшамалар байқалады (кесте 5). Мәселен, 14 жастан 18-ге дейінгі топта өзін шын патриот деп есептейтіндердің қатары басқа топтардан 7% жоғары болып келеді (59,3%). Соған қарағанда, бұл мектепте жүргізілетін патриоттық тәрбиелеудің нәтижесі болып табылатын да шығар.

Кесте 5. «Өзіңізді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жастық белгі бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Иә, есептеймін	59,3	52,4	52,5
Дәлірегі иә	31,3	34,5	34,0
Дәлірегі жоқ	3,1	4,6	4,5
Жоқ, есептемеймін	2,3	3,2	1,9
Жауап беруге қиналамын	3,9	5,4	7,1


Ұлттық белгі бойынша іріктемеден патриотизм деңгейінің орыс жастарының арасында ең төмен екенін байқауға болады (80,8%, кесте 6).

Кесте 6. «Өзіңізді Қазақстанның патриоты деп есептейсіз бе?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Иә, есептеймін	60,0	32,1	49,4
Дәлірегі иә	29,7	48,7	34,2
Дәлірегі жоқ	2,7	9,3	7,0
Жоқ, есептемеймін	2,4	2,5	2,5
Жауап беруге қиналамын	5,2	7,3	7,0


Өз орталарындағы патриотизм белгілерін аңғару бойынша барлық қазақстандық жастардың патриотизмді бағалауы анағұрлым объективті болып келеді (диаграмма 4). Жастардың басым бөлігін патриоттар деп есептейді – 38,3%, жартысын патриоттар деп есептейтіндер – 38,8%, одан да азын жатқызатындар – 11,1%. Респонденттердің 7,2% жастарды патриот деп есептемейді.

Диаграмма 4. «Қазақстандық жастарды патриот деп есептейсіз бе?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Сонымен қатар, сұралған жастардың 13,4% өздерінің патриоттық ұстанымдарына қарамастан өзге елді тұрақты мекендегісі келетіндерін айтты (диаграмма 5), а 35,5% – уақытша кеткісі келетіндерін білдірді. Қазақстанда қалғысы келетіндердің үлесі 13,4% құрады.

Диаграмма 5. «Сізге өзге елге кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жалпы алғанда, материалды жағдайы анағұрлым жоғары респонденттер басқаларға карағанда өзге елге кеткісі келгендерін жиірек айтты (кесте 7).

Кесте 7. «Сізге өзге елге кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (материалды жағдайы бойынша, %)

	Тамақтануға да ақшамыз жетпейді	Ақша тек бірінші кезектегі қажеттіліктерді қанағаттандыруға жетеді	Ақша тамақтану мен негізгі қажеттіліктерге жетеді, бірақ тоназытқышы пен кір жуу машинасын сатып ала алмаймыз	Ақша киім мен ірі тұрмыс техникасына жеткенмен, машина сатып ала алмаймыз	Ақша пәтерден басқасынан бәріне жетеді	Материалды жағдайымыз жақсы. Қаласак, пәтер мен саяжай сатып ала аламыз
Мен өз елімде қалар едім	61,3	49,0	47,1	46,2	52,2	57,4
Мен басқа елге уақытша кетер едім, бірақ өз елімде қалғым келеді	29,0	32,1	38,9	35,3	29,3	33,3
Мен тұрақты мекен ретінде өзге елді таңдар едім	6,5	15,7	11,5	16,4	16,6	9,3
Жауап беруге қиналамын	3,2	3,2	2,4	2,0	2,0	0,0

Өз елінен кеткісі келетіндердің үлесі 14 жастан 18 дейінгі респонденттердің арасында жиі кездеседі (14,1%, кесте 8). Осы орайда олардың жастық ерекшеліктеріне байланысты нақты жоспарларын іске асыру емес, ал жай ғана мақсаттары мен армандарының ықпалы үлкен рөл атқарып отыр. Ересектер өздерінің мүмкіндіктерін күшіне қарап бағалайды, сол себептен олардың ортасында бұл пайыз төменірек болып келеді.

Кесте 8. «Сізге өзге елге кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Мен өз елімде қалар едім	45,6	49,5	50,5
Мен басқа елге уақытша кетер едім, бірақ өз елімде қалғым келеді	38,9	35,2	33,5
Мен тұрақты мекен ретінде өзге елді таңдар едім	14,1	13,0	13,2
Жауап беруге қиналамын	1,4	2,3	2,9

Ұлттық белгі бойынша орыс тобындағы респонденттерде миграциялық көңіл-күйлер басым болып келеді (33,8%, кесте 9). Қазақ ұлтының өкілдері өз елдерінде қалғысы келетіндерін айтты (53,7%), өзге ұлт өкілдері басқа елге уақытша кеткісі келетіндерін айтты» (43%).

Кесте 9. «Сізге өзге елге кету немесе өз еліңізде қалу мүмкіндігі берілсе, қайсысын таңдар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)


	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт өкілдері
Мен өз елімде қалар едім	45,6	49,5	50,5
Мен басқа елге уақытша кетер едім, бірақ өз елімде қалғым келеді	38,9	35,2	33,5
Мен тұрақты мекен ретінде өзге елді таңдар едім	14,1	13,0	13,2
Жауап беруге қиналамын	1,4	2,3	2,9

2.3 Өмір сүру деңгейіне қанағаттану

Респонденттердің арасында өмір сүру деңгейіне қанағаттанғандардың үлесі басым болып келеді (86,8%): толығымен қанағаттанған – 35,5%, дәлірегі қанағаттанған – 51,3% (диаграмма 6).

Жылдың соңына қарай жастардың арасындағы қанағаттану деңгейі жоғарылаған, оған өз кезегінде қоғамның экономикалық және саяси өмірінің тұрақтануы жағымды ықпал етті.

Диаграмма 6. «Өмір сүру деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Өмір сүру деңгейіне қанағаттану ересек топтарда төменірек болып келеді, өйткені жас ұлғайған сайын өмір сүру сапасына қойылатын талаптар жоғарылай бастайды (кесте 10). Сонымен қатар, мектеп оқушыларында да өмірлік оптимизм жоғары болып келеді, ал жасы үлкенірек топтардағы респонденттер алғашқы өмірлік жеңілістер есебінен өздерінің қазіргі жағдайларына скептицизм және пессимизммен қарайды.

Кесте 10. «Өмір сүру деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшеліктері бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Толығымен қанағаттанамын	47,4	34,2	29,3
Дәлірегі қанағаттанамын	46,8	51,0	54,2
Дәлірегі қанағаттанбаймын	2,9	11,2	12,1
Толығымен қанағаттанбаймын	1,6	1,1	1,7
Жауап беруге қиналамын	1,4	2,6	2,8

Сұралғандардың жауаптарынан өмір сүру деңгейіне қанағаттану көрсеткіші ұлттық белгіге байланысты болып келетіні анықталды (кесте 11). Мәселен, көп жағдайда ол қазақ респонденттері арасында жоғары болып келеді (88%), орыстардың тобында шамамен төмен (83,4%) және өзге ұлт өкілдерінде де төменірек болып келеді (82,2%).

Кесте 11. «Өмір сүру деңгейіңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)


	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Толығымен қанағаттанамын	47,4	34,2	29,3
Дәлірегі қанағаттанамын	46,8	51,0	54,2
Дәлірегі қанағаттанбаймын	2,9	11,2	12,1
Толығымен қанағаттанбаймын	1,6	1,1	1,7
Жауап беруге қиналамын	1,4	2,6	2,8

Респонденттер негізінде өздерінің тұрғылықты мекендерінің дамуына көңілі толады (24,5% – толығымен, 45,3% – дәлірегі иә, диаграмма 7). Ақырғы үш ай ішінде олардың саны 10% жоғарылады (3 тоқ. – 69,8%, 4 тоқ. – 79,2%).

Осы орайда жастардың әрбір бесінші өкілі өздерінің тұрғылықты мекендерінің дамуына көңілі толмайтындарын білдірді (19,2%), бірақ ақырғы үш тоқсан ішінде олардың саны төмендеді (2 тоқ. – 24,6%, 3 тоқ. – 25,3%).

Оған қоса, сұраққа бірыңғай жауап беруге қиналғандардың саны да азайған болатын (1,8%).

Диаграмма 7. «Өз тұрғылықты мекеніңіздің дамуына көңіліңіз толады ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Осы сұрақ жауаптарының облыстар бойынша іріктелуі айқын ерекшеліктің жоқ екенін көрсетті – барлық аймақтар түрлі санаттар бойынша көрсетілген (кесте 12). Тек Шығыс Қазақстан облысының респонденттері ғана өз өміріне қанағаттанғандардың тізімінде ақырғы орынға иеленеді (61%).

Сонымен қатар жастардың өмір сүру деңгейіне қанағаттануы Қызылорда (96,7%), Атырау (92,7%), Павлодар (88,6%), Ақмола (88,5%), Оңтүстік Қазақстан (83%), Жамбыл (82,6%), Алматы (82,3%) облыстарында жоғары болып келеді.

Кесте 12. «Өз тұрғылықты мекеніңіздің дамуына көңіліңіз толады ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыстар бойынша, %)


Облыс	Толығымен көңілім толады	Дәлірегі көңілім толады	Дәлірегі көңілім толмайды	Көңілімнен шықпайды	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	59,0	29,5	7,7	2,6	1,3
Ақтөбе облысы	39,6	39,6	14,9	4,0	2,0
Алматы облысы	42,8	39,5	14,4	2,8	0,5
Атырау облысы	66,2	26,5	4,4	2,9	0,0
Батыс Қазақстан облысы	19,9	41,1	27,4	6,8	4,8
Жамбыл облысы	16,5	66,1	17,4	0,0	0,0
Қарағанды облысы	34,7	41,7	18,1	4,2	1,4
Қостанай облысы	24,0	40,7	27,3	6,7	1,3
Қызылорда облысы	32,3	44,8	13,5	6,3	3,1
Маңғыстау облысы	46,1	50,6	3,4	0,0	0,0
Оңтүстік Қазақстан облысы	35,6	38,4	19,2	4,1	2,7
Павлодар облысы	34,2	54,4	7,6	3,8	0,0
Солтүстік Қазақстан облысы	19,6	50,0	21,4	8,9	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	46,9	36,1	10,6	2,9	3,5
Астана қ.	9,6	70,2	19,2	1,0	0,0
Алматы қ.	42,7	35,1	15,2	4,7	2,4

Сұралғандардың көбісі өздерінің тұрғылықты мекендерінде өмір сүру мен кәсіби өсу үшін жағдай жасалғанын айтты – 58,4% (толықтай жеткілікті – 21,6%, дәлірегі жеткілікті – 36,8%, диаграмма 8).

Бұл көрсеткіш екінші (49%) және үшінші (52,6%) тоқсанмен салыстырғанда өскен.

Сұралғандардың тек 39,4% ғана жағдайдың жеткіліксіз жасалғанын айтты.

Диаграмма 8. «Сіздің ойыңызша, тұрғылықты мекеніңізде жастардың кәсіби өсімі мен өмір сүруі үшін қалыпты жағдайлар жеткілікті деңгейде жасалған ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



Жұмыс істеп жүрген респонденттер студенттер мен оқушыларға карағанда өз елді мекендерінде жастар үшін жағдай жасалмағанын айтты (кесте 13). Оқымайтын, жұмыс істемейтін және жұмыс іздеп те жүрмеген сұралғандардың жауаптары да қуантарлық емес.

Кесте 13. «Сіздің ойыңызша, тұрғылықты мекеніңізде жастардың кәсіби өсімі мен өмір сүруі үшін қалыпты жағдайлар жеткілікті деңгейде жасалған ба?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жұмыспен қамтылу бойынша, %)

	Жоқ, мен әлі оқимын	Оқимын және сонымен қатар жұмыс істеймін	Иә, жұмыс істеймін	Мен оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрген жоқпын	Мен оқымаймын, жұмыс істемеймін, жұмыс іздеп жүрмін
Иә, жеткілікті	27,2	25,2	19,2	13,6	15,1
Дәлірегі жеткілікті	38,9	39,3	35,2	35,1	34,9
Дәлірегі жеткіліксіз	22,0	27,1	28,3	27,3	29,6
Жастар үшін мүмкіндіктер жоқ	9,4	7,5	15,3	20,1	16,4
Жауап беруге киналамын	2,5	0,9	2,0	3,9	3,9

2.4 Жастардың өзекті мәселелерінің рейтингісі

Қазақстандық жастардың мәселелері қазіргі жас ұрпақтың ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамның да мәселелерін көрсетеді. Олар, бір жағынан, өзара байланысты және қазіргі замандағы жаһандану, ақпараттану, урбанизация сияқты объективті үрдістерден бастау алады. Екінші жағынан,

олар қазіргі шынайылықпен және жастарға қатысты жүргізіліп жатқан жастар саясатымен негізделген ерекшелікке иеленеді.

Бірінші орынға экономикалық маңыздылықтағы мәселелер орналасқан – жоғары білімнің қымбаттылығы (51,6%, кесте 14), азық-түліктің, қоғамдық тұтытудағы заттардың қымбаттылығы (51%), материалды қиыншылықтар (46,8%), баспанамен қамтылмағандық (39,7%), жұмыспен қамтылу мәселелері (31,8%).

Сонымен қатар жастардың болмыстың дүниетанымдық, идеологиялық және рухани-ізгіліктік салаларымен байланысты әлеуметтік-мәдени мәселелері де өзекті болып келеді: қылмыс (19,4%), мәдениеттің төмен деңгейі, жастардың руханисыздығы (19%), ата-аналармен/ аға буынмен жанжалдасу, жақындар және туысқандармен түсініспеушілік (17,7%), жеке қауіпсіздік (15,8%), жеке өмірдің қалыптаспауы, нашақорлық, токсикомания және алкогольизм, темекі тарту (12,4%).

Кесте 14. «Өз елді мекеніңіздегі жастардың ең өзекті мәселелерін атап өтіңіз» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Жоғары білім алудың қиыншылықтары (қымбаттығы)	51,6
Азық түлік пен халық тұтынатын тауарлардың қымбаттығы	51,0
Материалды қиыншылықтар (төмен жалақы, стипендия және т.б.)	46,8
Баспана мәселесі	39,7
Жұмыспен қамтылу және жұмыссыздық мәселелері	31,8
Жастар арасындағы қылмыс	19,4
Мәдениеттің төмен деңгейі, жастардың руханилықтан жат болуы	19,0
Ата аналармен / аға буынмен жанжалдасу, туыстар мен жақындарыңды түсінбеу	17,7
Жеке қауіпсіздік қатері(көше бойын аралап жүру қорқынышты)	15,8
Жеке өмірдің қалыптаспағандығы	15,3
Нашақорлық, токсикомания және алкогольизм, темекі	12,4
Денсаулықтың нашарлығы	11,2
Демалыс мәселесі, бос уақытты өткізетін жер жоқ	10,3
Ертеңгі күнге сенімсіздікпен қарау	9,1
Жастар ортасындағы діни экстремизм	7,6
Жоғары жылдамдықтағы интернетке, сапалы мобильді байланысқа қол жеткізе алмау	3,9
Жасөспірімдер арасындағы суицид	0,1
Ешқандай мәселелер жоқ	5,2
Жауап беруге қиналамын	0,9

Жеке мәселелер барлық жастарға тиесілі жалпы мәселелермен өзара байланысты болып келеді – қаржылық қиыншылықтар (42,6%, кесте 15), жұмыспен қамтылудың қиыншылықтары (29,9%), баспана мәселесі (22%). Сонымен қатар осы жасқа тиесілі мәселелер де көрсетілген – болашақ мамандықты таңдаудағы айқынсыздық (11,9%), ҰБТ тапсырудың қорқынышы (10,2%), емтихандарға дайындалу (8,9%) және т.б.


Кесте 15. «Өзіңді қандай мәселелер толғандыратынын айтыңызшы?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Қаржылық қиыншылықтар, ақшаның жетіспеушілігі	42,6
Жұмыспен қамтылудың, әсіресе мамандық бойынша жұмыс табудың мәселелері	29,9
Баспана мәселелері	22,0
Келешек мамандық таңдаудың қиыншылығы	11,9
Денсаулық мәселелері	10,5
ҰБТ тапсырудан қорқыныш	10,2
Жоғары оқу орнына түсу емтихандарына дайындалу	8,9
Жоғары оқу орнын таңдаудағы қиыншылықтар	7,6
Ата анамен, жақын туыскандармен түсініспеушілік, жанжалдасу	6,4
Достардың болмауы	4,6
Отбасылық мәселелер	0,1
Диплом жұмысын қорғау	0,1
Менің ешқандай мәселелерім жоқ	20,0
Жауап беруге қиналамын	1,6

2.5 Жастар арасындағы әлеуметтік шиеленістің деңгейі және себептері

Қауіпсіздік – адамның өмірлік маңызды мүдделерін ішкі және сыртқы қатерлерден қорғау. Сұралғандардың басым бөлігі өз қауіпсіздіктеріне сенімді болып келеді В своей личной безопасности уверены большинство опрошенных (иә – 40%, дәлірегі иә – 41,2%, диаграмма 9). Респонденттердің 15,1% қауіпсіздікті аса сезіне қоймайтынын айтты (дәлірегі жоқ– 12%, жоқ – 3,1%). 3,7% жауап беруге қиналды.

Диаграмма 9. «Өз қауіпсіздігіңізге сенімдісіз бе?» сұрағы жауаптарының орналасуы? (%)



Бұқаралық үрей-қорқыныш – жеке үрейлер көрініс табатын әлеуметтік қолайлы форма, сол себептен олар өзара байланысты болып келеді. Мысалға, жеке үрейлер ретінде терроризм, діни радикализм (32%, кесте 16),

жұмыссыздық, халықтың кедейленуі (23,4%), ауаның, судың ластануы, экологиялық апаттар (16,8%), ұлтаралық қақтығыстар, шиеленіс (16,7%), дерттер, жаппай эпидемиялар (15,3%), соғыс қатері (13,9%) және т.б.


Кесте 16. «Сіздің ойыңызша, өзіңіздің жеке қауіпсіздігіңізге қандай қатер төніп тұр?» сұрағы жауаптарының орналасуы (в %)

	%
Діни радикализм мен экстремизм	32,0
Жаппай жұмыссыздық пен халықтың кедейленуі	23,4
Экологиялық апаттар, судың, ауаның ластануы	16,8
Ұлтаралық шиеленіс, жанжалдар	16,7
Жаппай эпидемиялар, аурулар	15,3
Соғыстың қатері	13,9
Тәуелсіздікті жоғалту қаупі	8,9
Ұлттық бірегейлік пен дәстүрлердің жойылуы	6,6
Халықтың руханисыздығы	0,1
Бағалардың өсуі	0,1
Көше бойындағы қылмыс	0,1
Менің қауіпсіздігіме ешнәрсе қатер келтірмейді	28,1
Жауап беруге қиналамын	3,5

Респонденттердің өз елді мекендеріндегі наразылық акцияларының пайда болу мүмкіндіктерін бағалауларынан бұл ықтималдылықтың екінші тоқсаннан бастап төмендегенін көрсетеді (диаграмма 10). Егер екінші тоқсанда бұл жағдайды жоққа шығарғандардың үлесі сұралғандардың 57,7% құраса, онда үшінші тоқсанда – 67,8%, төртінші тоқсанда – 70,1% құрады.

Өздерінің елді мекендерінде наразылық акциялары орын алуы мүмкін деп ойлайтындардың үлесі 20,8% (2 тоқсан – 32,1%, 3 тоқсан – 21,7%).

Диаграмма 10. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?»



Ересек топтағы жастар наразылық акцияларының пайда болуын нық сеніммен айтты (кесте 17): 14 жастан 18 дейін – 19,2%, 19 жастан 23 дейін –

22,2%, 24 жастан 29 дейін –20,4%. Осыдан олардың үлкен тұрмыстық тәжірибесі, тәуелсіздіктің анағұрлым жоғары дәрежесі мен оқушыларға карағанда өз ойын жеткізе алу мүмкіндігі көрініс тауып отыр.

Кесте 17. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (жас ерекшелігі бойынша, %)

	14 жастан 18 дейін	19 жастан 23 дейін	24 жастан 29 дейін
Иә	5,9	6,1	5,6
Дәлірегі иә	13,3	16,1	14,8
Дәлірегі жоқ	33,9	33,1	35,4
Жоқ	37,8	35,7	36,8
Жауап беруге қиналамын	9,2	9,0	7,3

Наразылық акциясына қатысты тік ұстанымды көзқарас қазақ (21,4%, кесте 18) және орыс (21,7%) жастарына тиесілі болып келеді. Өзге ұлттың жастарының оның ықтималдылығына аса көздері жетіп отырған жоқ (12%).

Кесте 18. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (ұлттық белгі бойынша, %)

	Қазақ	Орыс	Өзге ұлт
Иә	6,7	3,7	2,5
Дәлірегі иә	14,7	18,0	9,5
Дәлірегі жоқ	32,8	40,6	34,2
Жоқ	37,2	31,5	43,7
Жауап беруге қиналамын	8,7	6,2	10,1

Наразылық акцияларының пайда болу ықтималдылығы бойынша салыстырып айтқандағы тиыш аймақтардың тұрғындары өзінің қалыпты көзқарастарын білдірді – Жамбыл (42,9%, кесте 19) және Ақмола облыстары (42,3%). Сонымен қатар олардың саны Қызылорда (28,1%) және Алматы қалаларында (26,6%) жеткілікті. Жалпы алғанда, бұл жағдайда оңтүстіктің аймағы басым болып келеді.

Сенімділігі төмен респонденттер Қостанай (0%), Батыс-Қазақстан (11,1%) және Шығыс Қазақстан (11,6%) облыстарында тіркелген.

Кесте 19. «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда өзіңіздің елді мекеніңіздегі наразылық акцияның пайда болу ықтималдылығы бар ма?» сұрағы жауаптарының орналасуы (облыс бойынша, %)

Облыс	Иә	Дәлірегі иә	Дәлірегі жоқ	Жоқ	Жауап беруге қиналамын
Ақмола облысы	28,2	14,1	24,4	25,6	7,7
Ақтөбе облысы	2,0	15,8	26,7	46,5	8,9
Алматы облысы	7,4	15,8	33,0	33,5	10,2
Атырау облысы	23,5	5,9	35,3	35,3	0,0
Батыс Қазақстан облысы	2,7	8,9	45,9	28,1	14,4
Жамбыл облысы	0,8	42,1	28,1	19,0	9,9
Қарағанды облысы	6,9	4,2	26,4	58,3	4,2
Қостанай облысы	4,7	17,3	42,0	28,0	8,0
Қызылорда облысы	0,0	0,0	34,4	57,3	8,3
Маңғыстау облысы	11,2	16,9	21,3	47,2	3,4
Оңтүстік Қазақстан облысы	4,1	8,2	34,2	39,7	13,7
Павлодар облысы	0,0	21,5	30,4	41,8	6,3
Солтүстік Қазақстан облысы	5,4	19,6	35,7	28,6	10,7
Шығыс Қазақстан облысы	2,1	12,0	43,1	37,0	5,9
Астана қ.	1,0	12,5	41,3	40,4	4,8
Алматы қ.	9,5	17,1	23,7	37,9	11,8

Респонденттерді наразылық акциясына қатысуға мәжбүрлейтін мәселелер әдетте материалды сипатта болып келеді: азық-түліктің, жанармай мен дәрілердің қымбаттауы (11%, кесте 20), жұмыстан қысқартылу немесе шығарылу (9,9%), баспана мәселесі (9,8%), жалақы, пенсиялар мен стипендиялардың уақытында берілмеуі (8,3%) және т.б.

Сұралғандардың шамамен жартысы оларды ешнәрсе ашық наразылық танытуға мәжбүрлей алмайтынын айтты (49,6%). Бұның себебі ретінде түрлі факторларды келтіруге болады – менталитеттің ерекшеліктері мен тәрбиеден бастап наразылық акцияның тиімсіздігіне дейін.

Кесте 20. «Қандай мәселе сізді ашық наразылық акциясына қатысуға мәжбүрлей алады» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)

	%
Азық түлік, ГСМ, дәрі дәрмектердің қымбаттауы	11,0
Жұмыстан қысқартылу немесе шығарылу	9,9
Баспана мәселесі	9,8
Жалақыны, зейнетақыны, стипендиялар мен жәрдемақыларды кешіктіріп төлеу	8,3
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	7,8
Билік әрекеттеріне көңіл толмаушылық	6,4
Білім берудің төмен деңгейі	6,3
Коммуналды қызмет көрсету тарифтерінің негізсіз өсуі	6,1
Соттың әділетсіз шешімдері	6,1

	%
Медициналық мекеме қызметкерлерінің елеусіз әрекеттері	6,0
Негізделмеген айыппұлдар	5,6
Ұлттық белгі бойынша құқықтардың бұзылуы	5,5
Ипотека бойынша төлемдердің өсуі	5,2
Мектеп, ЖОО, колледждағы мәселелер	4,5
Қабылданып жатқан реформаларды қолдамау	4,3
Ешбір мәселе мені ашық наразылық танытуға мәжбүрлемейді	49,6
Жауап беруге қиналамын	6,7

Алдыңғы сұрақтағыдай респонденттердің 41,2% өз мүдделерін қорғауда ешқандай әрекетке бармайтынын айтты (кесте 21).

Қалған респонденттер көп жағдайда мемлекеттік институттардың көмегіне жүгінетін болды – сот (22,4%), «Нұр Отан» партиясы (12,2%) немесе мемлекеттік биліктің өкілдеріне (7,6%), ал 11% – бұқаралық ақпарат құралдарына.

Наразылық митингісіне сұралғандардың тек 4,5% қатысатындығын айтты.

Кесте 21. «Өз мүдделеріңізді қорғау үшін қандай әрекеттерге барар едіңіз?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)


	%
Сотқа барам	22,4
«Нұр Отан» партиясының қабылдауына жүгінем	12,2
Газет, телевидение, радиоға шағымданамын	11,0
Мемлекеттік билік өкілдерінің қабылдауына барам	7,6
Бейбіт шеруге қатысамын	6,2
«Нұр Отаннан» басқа кез келген саяси партияға барам	4,6
Наразылық митингісіне қатысамын	4,5
Жұмыс пен оқуға бармай қоямын	3,0
Аштық жариялаймын	1,6
Жолдар мен тасжолдарды жабуға қатысамын	1,1
Парақшалар мен прокламацияларды таратамын	1,1
Қолыма қару алуға дайынмын	0,1
Еш нәрсе жасамаймын	41,2
Жауап беруге қиналамын	7,9

2.6 Жемқорлық деңгейін бағалау

Қазақстандық қоғам жемқорлық мәселесіне қатысты байсалдылық танытып отыр. Сол себептен, жастардың 73,3% оны өз аймағында таралған деп есептегенімен (диаграмма 11), ол солардың ойынша өзекті мәселелердің қатарына жатпайды (кестелер 22-25).

Өткен кезеңдермен салыстырғанда жылдың ақырғы тоқсанындағы жемқорлықтың таралуын бағалау шамамен өскен (2 тоқсан – 68,6%, 3 тоқсан – 69,9%, 4 тоқсан – 73,3%). Сонымен қатар респонденттердің 40,1% жемқорлық аз таралған деген ұйғарымдарын білдірді.

Диаграмма 11. «Сіздің ойыңызша, жемқорлық өзіңіз тұрып жатқан жеріңізде қаншалықты кең таралған?» сұрағы жауаптарының орналасуы (%)



14 жастан 18 дейінгі жас тобындағы респонденттер жемқорлықтың таралу деңгейін төмен бағалайды (63,6%, кесте 22), өйткені, олар билік өкілдерімен тікелей байланысқа түсе бермейді.

